

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау
нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

Астана қаласы

2024 жылғы «01» қараша

1. Кіріспе бөлім:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің толық атауы:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті (бұрын Адам ресурстарын басқару департаменті деп аталған) (бұдан әрі - Бөлімше)

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі:

1) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғамның Басқарма төрағасының 14.08.2024 ж. № 125-Ө бұйрығы (бұдан әрі - Бұйрық);

2) Қоғамның Басқарма Төрағасының 25.09.2024 ж. № 145-Ө «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 14.08.2024 ж. № 125-Ө бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:

2024 жылғы 15 тамыздан 2024 жылғы 17 қазанға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2023 жылғы 1 қаңтар – 2024 жылғы 31 тамыз.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар), Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына (бұдан әрі - Әдістемелік ұсынымдар), Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына (№66 хаттама), Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Қоғамның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бұйрыққа сәйкес ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының келесі құрамы бекітілді:

- Жұмыс тобының жетекшісі: А. С. Жақаева, Комплаенс-қызметтің жетекшісі;
- Жұмыс тобының мүшесі: Туменбаев Б.М., Комплаенс-қызметтің бас комплаенс-бақылаушысы.

2. Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында бөлімшенің қызметін регламенттейтін қоғамның мынадай ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі - ІНҚ) талдау жасалды:

1) Қоғам Басқармасының 27.04.2018 ж. № 407 шешімімен бекітілген «KazakhExport» ЭСК» АҚ лауазымдарын бағалау ережесі;

2) Қоғам Басқармасының 24.05.2018 ж. № 411 шешімімен бекітілген «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің 31.05.2019 ж. №5 шешімімен бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Іскерлік әдеп кодексі;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің 24.04.2019 ж. № 3 шешімімен бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, корпоративтік хатшының, Комплаенс-бақылаушының еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру, қызметінің тиімділігін бағалау қағидалары (25.09.2023 ж. редакцияда);

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің 05.06.2019 ж. № 18 шешімімен бекітілген «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары (28.06.2024 ж. редакцияда);

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің 24.04.2019 ж. № 3 шешімімен бекітілген «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлері мен Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары (09.08.2024 ж. редакцияда);

7) Қоғам Басқармасының 2019.06.28 № 23 шешімімен бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі ережесі (13.08.2024 ж. редакцияда);

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019.09.26 № 7 шешімімен бекітілген «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік Қоғамының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидалары (27.06.2024 ж. редакцияда);

9) Қоғам Басқармасының 24.12.2020 ж. № 83 шешімімен бекітілген «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау қағидалары (22.02.2024 ж. редакцияда);

10) Қоғам Басқармасының 2021.03.26 № 21 шешімімен бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамында бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидалары;

11) Қоғамның Директорлар кеңесінің 24.08.2021 ж. № 8 шешімімен бекітілген «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-қызметтің, Корпоративтік хатшының, актуарийлер қызметінің бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидалары (04.06.2024 ж. редакцияда);

12) «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидалары (29.03.2024 ж. редакцияда), Қоғам Басқармасының 29.12.2022 ж. № 88 шешімімен бекітілген;

13) Қоғам Басқармасының 27.06.2023 ж. № 42 шешімімен бекітілген «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерінің іссапарлары туралы ереже (29.03.2024 ж. редакцияда);

14) Қоғам Басқармасының 29.09.2023 ж. № 66 шешімімен бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларға сыйлықақы беру қағидалары;

15) Қоғам Басқармасының 28.12.2023 ж. № 97 шешімімен бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының омбудсменіне өтініштерді жинау және өңдеу регламенті;

16) Қоғам Басқармасының 25.09.2024 ж. № 90 шешімімен бекітілген «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті туралы ереже.

Бөлімшенің қызметін және оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін Қоғамның жоғарыда аталған ішкі нормативтік құжаттарының нормаларын талдау барысында келесі тұжырымдар анықталды.

2.1. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары және «Kazakhexport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлері мен Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары:

Жұмыс тобы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1309 қаулысына сілтеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 16.03.2022 ж. № 129 қаулысына сәйкес аталған нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылуына байланысты өзектілігін жоғалтқанын атап өтті, бұл ретте күші жойылған актінің орнына Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімі бекітілді, оған сілтеме «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлері мен Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларында бар.

¹.Сонымен бірге, жұмыс тобы Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1309 қаулысына сілтеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысының 5) тармақшасында да келтірілгенін атап өтеді.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес құқықтық актілер мен ішкі құжаттар басқа құқықтық актілермен және ішкі құжаттармен өзара байланыста зерделенеді.

Сондай – ақ әдістемелік ұсынымдарға сәйкес құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің қайшылығы-жекелеген құқықтық актілер, бірдей не сабақтас құқықтық қатынастарды реттейтін ішкі құжаттар арасындағы алшақтық немесе қайшылық, сондай-ақ құқық қолдану қызметі процесінде және лауазымды тұлғалардың өз

¹ Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әлауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әлауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыруы кезінде туындайтын қайшылықтар сыбайлас жемқорлық тәуекелінің факторы болып табылады.

Баяндалғанның негізінде Жұмыс тобы Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары мен Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін басшы қызметкерлер мен қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары арасындағы қайшылықты болдырмау қажеттігі туралы тұжырымға келді, яғни, Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларының 25-тармағында күші жойылған нормативтік құқықтық актіге сілтеме алынып тасталсын және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін басшы қызметкерлер мен қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына сәйкестікке келтірілсін.

Ұсыныс:

Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне қолданыстағы нормативтік құқықтық актімен, сондай-ақ Қоғамның өзгертілген атауына және қоғамның қолданыстағы ұйымдық құрылымына сәйкес Қағидалардың 25-тармағына сәйкес келтіру бөлігінде әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын өзектендірсін.

2.2. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидалары:

2.2.1. Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес құқықтық актілер мен ішкі құжаттар басқа құқықтық актілермен және ішкі құжаттармен өзара байланыста зерделенеді.

Баяндалғанның негізінде жұмыс тобы Қағидалардың 12-тармағында келтірілген құжаттар тізбесінде шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының болуы немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) не босқын куәлігі келтірілмегені анықталды.

Ұсыныс:

Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларын өзектендірсін.

2.2.2. **Қағидалардың 32-тармағында** Қоғам қызметкерінің жеке ісін құрайтын құжаттардың тізбесі айқындалған.

Қоғам қызметкерінің жеке ісін құрайтын құжат ретінде жергілікті атқарушы орган берген жеке куәліктің/ паспорттың/ қандас куәлігінің көшірмесі көрсетілген.

Жұмыс тобы Қазақстан Республикасының 11.12.2023 ж. № 44-VIII Заңының 7-бабының 10-тармағына сәйкес (2024 ж. 11 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, **оған сәйкес жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қағаз жеткізгіште жинауға, өңдеуге тыйым салу көзделген.**

Еңбек кодексінің 32-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек шартын жасасу үшін Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлік), шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) не босқын куәлігі қажет деп айқындалған.

Бұл ретте Еңбек Кодексінің 23 - бабы 1-тармағының 14-тармақшасына сәйкес жұмыс берушінің Еңбек кодексінде көзделген мақсаттар үшін көшіп келушінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жинауға құқығы бар екені анықталды.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес құқықтық актілер мен ішкі құжаттар басқа құқықтық актілермен және ішкі құжаттармен өзара байланыста зерделенеді.

Баяндалғанды ескере отырып, Жұмыс тобы қызметкердің жеке ісінде қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін сақтау, сондай-ақ жаңартылған жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсыну міндеті «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келеді деп ойлайды, бұл ретте жеке басын куәландыратын, цифрлық құжаттар сервисі және еңбек мигрантының жеке басын куәландыратын құжаттар арқылы қалыптастырылатын құжаттардың көшірмелерін сақтауға рұқсат етіледі.

Ұсыныс:

1) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті әлеуметтік-еңбек саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органына қызметкерден жеке куәліктің көшірмесін сұрау, сондай-ақ Еңбек кодексінің 32-бабының 1-тармағы мен 23-бабы 1-тармағының 14-тармақшасын ескере отырып, жеке ісінде сақтау қажеттігі туралы түсіндірме беруге қатысты сұрату хатын жолдасын;

2) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті әлеуметтік-еңбек саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының жауабын ескере отырып, «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларын өзектендірсін.

2.3. «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидалары:

Жұмыс тобы Қоғам қызметкерлерін қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен танысу процесінің қағидалар нормаларына сәйкес келмеу фактілерін анықтады.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жекелеген құқықтық актілер, бірдей не сабақтас құқықтық қатынастарды реттейтін ішкі құжаттар арасындағы алшақтықтар немесе қайшылықтар, сондай-ақ құқық қолдану қызметі процесінде туындайтын және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыруы арасындағы қайшылықтар құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің қайшылықтарының индикаторы болып табылады.

Ұсыныс:

Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген «жұмысқа қабылдау кезіндегі ішкі нормативтік құжаттармен танысу парағы» нысанының қоғамға жұмысқа қабылдаудың ағымдағы процесінде қолданылатын құжаттарға сәйкестігі, сондай-ақ Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген ішкі нормативтік құжаттардың тізбесін өзектендіру бөлігінде «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидаларын өзектендірсін.

2.4. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамында бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидалары:

Ережелерді талдау кезінде жұмыс тобы келесі анықталымдарды тапты:

2.4.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.08.2024 ж. шешімімен (№14 хаттама) жаңа редакцияда Ұйымдық құрылым бекітілді, оның шеңберінде Актуарийлер қызметі

Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ Ақпарат және коммуникация департаменті және Адам ресурстарын басқару департаменті ретінде кейбір құрылымдық бөлімшелердің атауына өзгерістер енгізілді, осыған байланысты Жұмыс тобы Қоғамның жаңа ұйымдық құрылымына сәйкес Қоғамда бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын өзектендіру қажеттігін атап өтеді.

2.4.2. Жұмыс тобы ережелерге сәйкес құрылымдық бөлімшелердің басшылары/жетекшілік ететін басшылар үміткерлерді іздеудің бастамашылары емес екенін атап өтеді.

Сонымен қатар, Қағидаларда үміткерлерді қажеттілікті анықтау процесі мен мерзімдері реттелмеген, атап айтқанда үміткерлерді іздеу және іріктеу процедурасын бастауға не нәрсе негіздеме болатыны белгіленбеген.

2.4.3. Қағидалардың 23-тармағында кәсіптік білімді бағалауды айқындау деңгейлері көзделмеген, сонымен бірге Қағидалардың 25-тармағында бағалаудың тиісті деңгейлері көзделген.

Баяндалғанды ескере отырып, Қағидалардың 17-тармағындағы 23-тармаққа сілтеме дұрыс келтірілмеген.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жекелеген құқықтық актілер, бірдей не сабақтас құқықтық қатынастарды реттейтін ішкі құжаттар арасындағы алшақтықтар немесе қайшылықтар, сондай-ақ құқық қолдану қызметі процесінде туындайтын және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыруы арасындағы қайшылықтар құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің қайшылықтарының индикаторы болып табылады.

Баяндалғанды ескере отырып, жұмыс тобы жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сәйкес Қоғамда бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын өзектендіру қажеттілігі туралы қорытындыға келеді.

Ұсыныс:

1) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті 2.4.1-2.4.3-тармақтарда көрсетілген анықталымдарға сәйкес Қоғамда бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын өзектендірсін;

2) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментімен бірлесіп Қоғамда бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларының 18-тармағын ескере отырып, үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін автоматтандыру мүмкіндігін қарастырсын;

3) Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментінің оң шешімі болған кезде Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін енгізу.

2.4.4. Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес Персоналды басқару бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелінің индикаторы - әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және оны қорғау механизмінің болмауы.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын қызметінің бағыты қызметтің ашықтығы мен жариялылығы болып табылады.

Ұсыныс:

1) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті Қоғамда бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларында олардың

санкцияланбаған таралуының алдын алу және оларды қорғау шаралары мақсатында тестілеу үшін мәселелерді қалыптастыру, сақтау және құпиялылықты қамтамасыз ету тәртібін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау мақсатында тестілеуді өткізу форматын регламенттесін;

2) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментімен бірлесіп, үміткердің Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, кәсіби білімдерін тестілеуден өтуін енгізсін;

3) Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті Ақпараттық қауіпсіздік қызметімен бірлесіп тестілеу рәсімін өткізуді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында прокторинг жүйесін пайдалана отырып, тестілеу не онлайн тестілеу рәсімін жазу/бейнетіркеу жөніндегі шараларды енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

2.4.5. Қағидаларды талдау шеңберінде Қоғамның ұқсас ішкі нормативтік құжаттарында бар шектеулер мен тыйымдарды көздемейтін нормалар анықталды.

Ұсыныс:

Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-қызметтің, Корпоративтік хатшының, Актuariйлер қызметінің бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларының 15 және 20-тармақтарына сәйкес келтіру бөлігінде Қоғамдағы бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын өзектендірсін».

2.4.6. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 103-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші мемлекеттік қызметшілердің, сайланбалы мемлекеттік лауазымдардың, Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттары депутаттарының, судьяларының, әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволары қызметкерлерінің, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бос лауазымдарын қоспағанда, электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, олар пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастыруға міндетті.

Жұмыс тобы Қағидаларда электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді орналастыру тәртібі мен мерзімдері регламенттелмегенін атап өтеді.

Әдістемелік ұсынымдардың 21-тармағына сәйкес типтік сыбайлас жемқорлық факторларына құқықтық алшақтық жатады, яғни құқықтық актіде немесе ішкі құжатта белгілі бір мәселені құқықтық реттеудің болмауы.

Ұсыныс:

Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамында бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларында Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің талаптарына сәйкес электрондық еңбек биржасы порталында Қоғамның ашық бос орындары туралы ақпаратты орналастыру тәртібі мен мерзімдерін регламенттесін.

2.4.7. Жұмыс тобы бұрын орналастырылған бос орындар туралы ақпаратты жою Қоғам қызметіндегі ашықтық пен жариялылық қағидаттарына сәйкес келмейді деп санайды.

Ұсыныс:

Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті Қоғамның PR-қызметімен бірлесіп, Қоғамның интернет-ресурсында «Бос орындар арзивін» құру мүмкіндігін қарастырсын.

2.4.8. Жұмыс тобы үміткерлерге арналған кәсіби білімдерін тестілеуге сұрақтарға өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізді, оның нәтижелері бойынша осы Талдамалық анықтамаға 2-қосымшаға сәйкес сәйкессіздіктер анықталды.

Ұсыныс:

Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, анықталған анықтауларды ескере отырып, тест сұрақтарын өзектендіруді жүргізсін.

3. Қоғамның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Саясаттың 18-тармағына сәйкес ұйымдастыру-басқару қызметі деп мына мәселелер түсініледі:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) қоғамның ІНҚ бөлімшесі қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.

3.1. Талданатын кезеңде жақын туыстарды, жұбайларды, жекжаттарды атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымға орналастыру фактілері анықталмаған.

Талданатын кезеңде бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталмаған.

3.2. 2023 жылы және 2024 жылғы 31 тамызға дейін Бөлімше қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылмады, Бөлімше қызметкерлерінің жедел желі арналары бойынша заңсыз әрекеттері туралы шағымдар мен хабарламалар, сондай-ақ Қоғам басшылығына тікелей өтініштер түскен жоқ.

3.3. Есепті кезеңде бөлімше қызметінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3.4. Қоғамның ІНҚ бөлімше қызметіндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеу фактілері «Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша талдау нәтижелерінде келтірілген.

3.5. Талданатын кезеңде Бөлімше қызметкерлері үшін оқыту жүргізілді:

- 1) 28.02.2023 ж. «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар» тақырыбында;
- 2) 23.06.2023 ж. «Компанияның алаяқтық тәуекелдеріне ұшыраған бизнес-процестері» тақырыбында;
- 3) 22.11.2023 ж. «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасы және оның нормаларын компанияның ағымдағы қызметінде қолдану» тақырыбында;

4) 14.05.2024 ж. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қызметкерлерін және қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністері немесе алаяқтық жағдайлары туралы ақпаратты хабарлайтын адамдарды қорғауды қамтамасыз ету және қудалаудың болмауы кепілдіктері туралы» тақырыбында.

4. Қорытынды:

Бөлімше қызметін қозғайтын ІНҚ талдау қорытындысы бойынша Қоғамның мынадай ішкі нормативтік құжаттарына өзектендіру, өзгерістер/толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар берілді:

1) «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары;

2) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидалары;

3) «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидалары;

4) «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамында бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидалары.

Сондай-ақ, бөлімшеге персоналды басқарудың бизнес-процестерін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді, атап айтқанда:

1) Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментімен бірлесіп Қоғамда бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларының 18-тармағын ескере отырып, үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін автоматтандыру мүмкіндігін қарастыру;

3) Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментінің оң шешімі болған кезде Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін енгізу.

3) Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментімен бірлесіп, үміткерлердің Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, кәсіби білімдерін тестілеуден өтуін енгізсін;

4) Ақпараттық қауіпсіздік қызметімен бірлесіп тестілеу рәсімін өткізуді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында прокторинг жүйесін пайдалана отырып тестілеу не онлайн тестілеу рәсімін жазу/бейнетіркеу жөніндегі шараларды енгізу мүмкіндігін қарастыру;

5) Қоғамның PR-қызметімен бірлесіп, Қоғамның интернет-ресурсында «Бос орындар архивін» құру мүмкіндігін қарастыру;

6) мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, анықталымдарды ескере отырып, тест сұрақтарын өзектендіруді жүргізуге міндетті.

Бөлімшенің ұйымдық-басқару қызметін талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Бекітемін

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы
А.Чайжунусов

Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаментінің директоры
А. Кеңесов

2024 жылғы «15» қараша

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ – да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған коррупциялық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

(бұдан әрі-Іс-шаралар жоспары)

Қоғамның Адами ресурстарды басқару операциялық қызмет департаменті

(31.03.2025 ж. өзгерісімен)

№ р / с	Ұсыныс	Іс-шара	Іс-шараны аяқтау нысаны	Орындаушылар	Іс-шараны орындау мерзімі
1.	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті қызметкерлеріне қолданыстағы нормативтік құқықтық актімен, сондай-ақ Қоғамның өзгертілген атауына және Қоғамның қолданыстағы ұйымдық құрылымына сәйкес Қағидалардың 25-тармағына	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына өзгерістер/толықтырулар	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	қаңтар 2025

	сәйкестікке келтіру бөлігінде әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын өзектендірсін.				
2.	Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларын өзектендірсін.	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларына өзгерістер/толықтырулар	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	қаңтар 2025
3.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті әлеуметтік-еңбек саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органына қызметкерден жеке куәліктің көшірмесін сұрау, сондай-ақ Еңбек кодексінің 32-бабының 1-тармағы мен 23-бабы 1-тармағының 14-тармақшасын ескере отырып, жеке ісінде сақтау қажеттігі туралы түсіндірме беруге қатысты сұрату хатын жолдасын;	Әлеуметтік-еңбек саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органына сұрау салу жіберу	Әлеуметтік-еңбек саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органына ресми түрде жіберілген сұрау салу	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Желтоқсан 2024
4.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті әлеуметтік-еңбек саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының жауабын ескере отырып, «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларын өзектендірсін.	Осы іс-шаралар жоспарының 3-тармағының ұсынымдарын орындау нәтижелері бойынша «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу <i>(қажет болған жағдайда)</i>	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларына өзгерістер/толықтырулар не әлеуметтік-еңбек саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының еңбек шартын жасасу кезінде қызметкерден жеке куәліктің көшірмесін сұрау қажеттілігі туралы түсіндірмесі	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Ақпан 2025

5.	Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген «жұмысқа қабылдау кезіндегі ішкі нормативтік құжаттармен танысу парағы» нысанының қоғамға жұмысқа қабылдаудың ағымдағы процесінде қолданылатын құжаттарға сәйкестігі, сондай-ақ Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген ішкі нормативтік құжаттардың тізбесін өзектендіру бөлігінде «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидаларын өзектендірсін.	«KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидаларына өзгерістер/толықтырулар	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	қаңтар 2025
6.	Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті Талдамалық анықтаманың 2.4.1-2.4.3 - тармақтарында көрсетілген анықтаулымыдарға сәйкес «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын өзектендірсін	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Ақпан 2025
7.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментімен бірлесіп үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін автоматтандыру, оның ішінде үміткерлерді тестілеу рәсімін жазу/бейнетіркеу бойынша шараларды енгізу мүмкіндігімен Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, кәсіби білімдерін тестілеуден өтуіне өтінім жолдау	Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментіне үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін автоматтандыруға, оның ішінде үміткерлердің тестілеу рәсімін жазу/бейнетіркеу бойынша шараларды енгізу мүмкіндігімен Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, кәсіби білімдерін тестілеуден өтуіне өтінім жолдау	Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментіне үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін автоматтандыруға, оның ішінде үміткерлердің тестілеу рәсімін жазу/бейнетіркеу бойынша шараларды енгізу мүмкіндігімен Қоғамның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, кәсіби білімдерін тестілеуден өтуіне өтінім	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Желтоқсан 2024

	жүйелерін пайдалана отырып, кәсіби білімдерін тестілеуден өту мүмкіндігін қарастыру	Қоғамның кандидаттарын іздеу және іріктеу бөлігінде Simbase АЖ-ды "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-тың Бірыңғай мансаптық порталымен интеграциялау	Өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі	Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаменті	Қыркүйек 2025
8.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті Қоғамда бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларында олардың санкцияланбаған таралуының алдын алу және оларды қорғау шаралары мақсатында тестілеу үшін мәселелерді қалыптастыру, сақтау және құпиялылықты қамтамасыз ету тәртібін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында тестілеуді өткізу форматын регламенттесін.	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Ақпан 2025
9.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-қызметтің, Корпоративтік хатшының, Актуарийлер қызметінің бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларының 15 және 20-тармақтарына сәйкестікке келтіру бөлігінде «Қазақстанның	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Ақпан 2025

	Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын өзектендірсін.				
10.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті «KazakhExport» экспорттық сактандыру компаниясы» акционерлік қоғамында бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларында Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің талаптарына сәйкес электрондық еңбек биржасы порталында Қоғамның ашық бос орындары туралы ақпаратты орналастыру тәртібі мен мерзімдерін регламенттесін.	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар енгізу	Қоғамның уәкілетті органы бекіткен «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу қағидаларына өзгерістер/толықтырулар	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Ақпан 2025
11.	Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті Қоғамның PR-қызметімен бірлесіп, Қоғамның интернет-ресурсында «Бос орындар архивін» құру мүмкіндігін қарастырсын.	Қоғамның интернет-ресурсында «Бос орындар архивін» құру мүмкіндігіне қатысты қызметтік жазбаны PR-қызметке жіберу.	Қоғамның интернет-ресурсында «Бос орындар архивін» құру мүмкіндігіне қатысты PR-қызметке қызметтік жазба.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Желтоқсан 2024
		«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ интернет-ресурсында «Бос орындар архиві» бөлімін құру.	Сайтты техникалық қолдау бойынша қызметтер шеңберінде есепті кезеңде нақты көрсетілген қызметтер бойынша өнім берушінің есебі	PR қызметі	қаңтар 2025
12.	Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, анықталған анықтауларды ескере отырып, тест сұрақтарын өзектендіруді жүргізісін.	Тест сұрақтарын өзектендіру қажеттілігі туралы мүдделі құрылымдық бөлімшелердің атына қызметтік жазбаны жолдау.	Өзекті тест сұрақтары бар мүдделі құрылымдық бөлімшелердің қызметтік жазбалары.	Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаменті	Желтоқсан 2024